



**ҚР-НЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**  
**Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік мемлекеттік университеті**  
**ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ИНСТИТУТЫ**

**Қаржы және есеп кафедрасы**

**«ҚР-ң ұлттық қоры: қалыптасуы мен пайдаланудың өзіндік  
ерекшелігі»**

тақырыбындағы  
**КУРСТЫҚ ЖҰМЫС**  
5B050900 «Қаржы»

Орындаған: Бегеев Б.Ж  
Ғылыми жетекшісі: Э.Ғ.К,  
аға оқытушы Ахметова Г.И

**Ақтөбе 2016**



## Кіріспе

1. Бөлім ұлттық қорды қалыптастырудың қайнаркөзі
  - 1.1. Мемлекеттің қаржы жүйесіндегі ұлттық қордың ролі мен мәні
  - 1.2. Ұлттық қорды қалыптастыру мен пайдалану жөніндегі есепті құру, қарау және бекіту
  - 1.3. Ұлттық қордың кіріс көздері мен пайдалану бағыттары
2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қаражаттарының қалыптасу және жұмсалудың даму жағдайы
  - 2.1. Ұлттық қор қаражаттарының қалыптасуын талдау
  - 2.2. Ұлттық қор қаражаттарының жұмсалыну бағыттарын талдау
  - 2.3. Ұлттық қор активтерін басқару

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

Қосымшалар



# Кіріспе

Ұлттық қор Мемлекет басшысының 2000 жылғы 23 тамыздағы “Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры туралы” Жарлығына сәйкес 2001 жылғы мамырда шаңырақ көтерді де, еліміздегі мұнай шикізатынан түсіп жатқан қомақты қаржы өскелең ұрпақтың лайықты өмірін қамтамасыз ету үшін Ұлттық қорға жинақтала бастады.


Тақырыптың өзектілігі- Ұлттық қор болмаса жалпы осы Қазақстан Республикасының дамуы жүзеге аспайды. Осы ұлттық қордың көмегімен көптеген операциялар орындалады. Ұлттық қор жалпы ел экономикасына әрдайым ықпалын тигізіп отырады. Ұлттық қорда ақша қоры көп болса, яғни экономикалық даму ахуалы жоғары болады.

Осы курстық жұмыстың негізгі мақсаты болып-Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының экономикадағы маңызы, қоғамдық өндірістегі өмір сүруі, қалыптасуын, ерекшелігін, пайдалану мақсатын анықтау болып табылады. Жалпы бұл курстық жұмыс Қазақстан Республикасының Ұлттық қордың қалыптасу және пайдалану ерекшеліктері туралы жазылған.



# 1. бөлім Ұлттық қорды қалыптастырудың қайнар көзі

## 1.1. Мемлекеттің қаржы жүйесіндегі Ұлттық қордың ролі мен мәні



Елдің бюджет жүйесіне республикалық, жергілікті және төтенше бюджеттермен қатар Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры да кіреді. Бюджет кодексінде берілген анықтама бойынша ҚР Үкіметінің Ұлттық банктегі шотында жиналатын материалды емес активтерден басқа қаржы активтер Ұлттық қорды құрайды.

Ұлттық қор елдің тұрақты әлеуметті-экономикалық дамуын қамтамасыз ету, экономиканың шикізаттық салалардан тәуелділігі мен қолайсыз сыртқы факторлар әсерін төмендету мақсатпен құрылған. Бұл қордың тағы бір маңызды арнауы болып бірқатар қоғамдық мұқтаждықтарды қаржыландыру үшін мемлекетке қажетті қаржы активтер мен басқа да мүліктерді қорландыру болып табылады.



Ұлттық қор құралдарының негізгі қайнар көздері ретінде республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінетін ресми трансферттер, сондай-ақ осы қорды басқарудан түсетін инвестициялық тбыстар қарастырылады. Республикалық бюджет арқылы ресми трансферттер келесідей анықталады:

- шикізаттық сектор субъектілерінің нақты түсімдері мен олардың бекітілген жылдық көлемдері араларындағы айырмасы мөлшерінде;
- шикізат табу мен өңдеу салаларына жататын мемлекеттік мүліктерді жекешелендіруден түскен түсімдер мөлшерінде;
- шикізаттық сектор субъектілері түсімдерінің жоспарлы сомаларының 10 пайыз мөлшерінде.



## 1.2. Ұлттық қорды қалыптастыру мен пайдалану жөніндегі есепті құру, қарау және бекіту

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқаруға байланысты қызметтің транспаренттілігін қамтамасыз ету мақсатында 2015 жылға аудиторлық тексеру жүргізілді. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры аудитінің нәтижелері бойынша қаржылық есептілік шынайы деп танылды және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаржылық жағдайы қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес келетінін көрсетті.

Қордың қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есеп мыналарды кіріктіруі тиіс:

- Ұлттық қордың түсімдері және пайдаланылуы туралы есеп;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Ұлттық қорды сенімгерлікпен басқару жөніндегі қызметі туралы есеп;
- Ұлттық қорды басқару жөніндегі өзге де мәліметтер.

Ұлттық қорды басқаруға байланысты қызметтің транспаренттілігін қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын аудит жүргізіледі. Аудиторды немесе аудиторлық ұйымды таңдау конкурстық негізде және Үкімет белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.





## 2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қаражаттарының қалыптасу және жұмсалудың даму жағдайы

### 2.1. Ұлттық қор қаражаттарының қалыптасуын талдау

Ұлттық қорда жоғары конъюнктура тудыратын қосымша түсімдер шоғырланғандықтан, Ұлттық Қордың ең үлкен мөлшері шектелмейді. Оның үстіне Ұлттық қордың жинақтаушы қызметін атқару үшін төмендетілмейтін қалдық оның мөлшері халықтың жан басына есептелген, заңнамалық актілермен анықталатын белгілі бір шамадан төмен емес осындай деңгейде белгіленеді. Бұл ретте осы шама Ұлттық қорда қаражаттың жинақталуына қарай арту жағына түзетілетін болады.

Сол сияқты Ұлттық қордың қалыптасуы көлемі жағынан біржолғы (республикалық меншіктегі және кен өндіру мен ұқсату салаларындағы мемлекеттік мүлікті жекешелендіру, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сату) не тұрақты емес (мұнай секторының түсімдері) түсімдермен сипатталатын түсімдер көзі есебінен жүзеге асырылуы тиіс, олар едәуір аралықта ауытқуы және Қазақстанның бюджет саясатына елеулі ықпал жасауы мүмкін.





Осылайша, Ұлттық қорды қалыптастырудың негізгі көздері мыналар болып табылады деп болжанады:

□ мұнай секторынан түсетін тікелей салықтар (жергілікті бюджеттерге есептелетін салықтарды қоспағанда), оған корпорациялық табыс салығы, үстеме пайдаға салынатын салық, роялтилер, бонустар, өнімді бөлу жөніндегі үлес, экспортталатын мұнайға салынатын ренталық салық жатады. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мұнай секторы төлейтін басқа да салық түрлері тиісті бюджеттерге есептелуге жатады. Шикі мұнай мен газ конденсатын өндірумен және/немесе сатумен айналысатын мұнай секторына барлық заңды ұйымдар жатады;

□ республикалық меншіктегі және кен өндіру мен өңдеу салаларындағы мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер есебінен анықталатын ресми трансферттер;

□ ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер есебінен белгіленетін ресми трансферттер;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістер.

Көрсетілген ресми трансферттер және өзге де түсімдер Ұлттық қордың қаражатын қалыптастыру көздері ретінде тек жинақтаушы функцияны қамтамасыз ету үшін ғана пайдаланылуы тиіс.



## 2.2. Ұлттық қор қаражаттарының жұмсалыну бағыттарын талдау

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жұмсалыну туралы 2015 жылғы есеп бойынша 2016 жылғы 1 қаңтарға Ұлттық қордың таза активтері - 63,5 миллиард АҚШ долларын құрады. Қордың жинақтау және тұрақтандыру портфельдерінің ара салмағы 63:37% болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы Жарлығымен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2014 жылғы есеп бекітілді.

2014 жылғы 1 қаңтарға Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты 13026107161 мың теңгені (1351941116 мың теңге – аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес есепке алу тәсілімен) құрады, 2014 жылғы 31 желтоқсанға 16429299412 мың теңгені (1630887908 мың теңге – аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес есепке алу тәсілімен) құрады.



2014 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына 3 467 394 959мың теңге түсті, оның ішінде мұнай секторы кәсіпорындарынан тікелей салықтардың түсімі есебінен (жергілікті бюджеттерге есепке алынатын салықтарды қоспағанда) – 1 307 631 762 мың теңге, оның 346150165 мың теңгесі кезекті айырбастау/қайта айырбастау операциясын дәл сол күні жүргізу жолымен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының тиісті шотына теңгемен есепке алынған шетел валютасындағы түсімдер, мұнай секторы кәсіпорындары жүзеге асыратын операциялардан түсетін басқа да түсімдер (жергілікті бюджеттердің есебіне жатқызылатын түсімдерді қоспағанда) – 35883283 мың теңге, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түскен түсімдер – 1368917 мың теңге, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқарудан түскен инвестициялық кірістер– 1862203663 мың теңге.

# Қорытынды



Осыдан 15 жыл бұрын еліміздегі мұнай шикізатынан түсіп жатқан қомақты қаржы өскелең ұрпақтың лайықты өмірін қамтамасыз ету үшін Ұлттық қорға жинақтала бастады. Бұл сындарлы шешім сондай-ақ, отандық экономиканың тек қана көмірсутегі шикізатына иек артып қалмай, ұлттық өңдеуші саланы дамыту үшін де қажет деп табылған болатын.

Қазіргі уақытта ел экономикасының қарқынды дамуы нәтижесінде көптеген қаржы институттары қанатын қатайтып, жаңа құрылымдар ірге қалауда. Соның ішінде соңғы жылдар бедеріндегі басты жаңалықтардың бірі жеткіншек буынға табиғи ресурстардан түсетін табысты тепе-тең бөлуді қамтамасыз етуге бағытталған Ұлттық қордың құрылуы дер едік. Мұндай қор дүниежүзілік тәжірибеде жаңалық емес, бүгінгі таңда дүние жүзінде мұндай құрылымдардың саны 30-дан асады. Олардың жұмыс істеу тетіктері әрқалай. Қазақстандық Қор АҚШ долларымен есептегенде бірнеше миллиардтық активтері жинақталған Норвегияның мұнай қорының тәжірибесіне негізделген.





- Жалпы қорыта кетсек, Ұлттық қор туралы әрбір қазақстандық білуі керек, бірақ оның басқарылуы мен ондағы қор мөлшері туралы БАҚда дәл басып айтылмайды деп ойлаймыз. Сондықтан да менің курстық жұмысым Ұлттық қор қаражатының статистикалық мәліметтері аз, дегенмен де осыған қарамастан тақырыптың басты қайнар көздерін аштым деп ойлаймыз.